

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32987 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2025 қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12 бабының 5-тармақшасының отыз бірінші абзацына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру ережелері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесі бекітілсін.

2. Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылы 1 қаңтарда қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Арнаулы әлеуметтік қызметтер тарифін қалыптастыру ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы арнаулы әлеуметтік қызметтердің тарифтерін қалыптастыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі -Кодекс) 12-бабы 5) тармағының отыз бірінші абзацына сәйкес әзірленді және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы ережесі мен әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер-адамның (отбасының) тыныс-тіршілігін объективті бұзатын және басқа азаматтармен қоғам өміріне қатысуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған негіздерді еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін қызметтер кешені;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.06.2024 № 193 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер-арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі – уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) бюджет қаражаты есебінен берілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің бірыңғай тізбесі;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдардың тіркелімі – жергілікті атқарушы органдармен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан ұйымдардың электрондық тізбесі.

5) Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік органның жанынан құрылатын, еңбек нарығын ақпараттық-талдамалық жағынан сүйемелдеуді, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің

белсенді шараларын, жұмыспен қамту қызметтерін әдіснамалық жағынан қолдауды, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін дамыту мен қолдап отыруды қамтамасыз ететін заңды тұлға;

6) тариф- арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру Әдістеме арқылы есептелген арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің бірлігінің құны (бұдан әрі -Әдістеме);

7) тарифтерді қалыптастыру-мемлекеттік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге жаңа тарифтерді әзірлеу және бекіту, қолданыстағы тарифтерді қайта қарау және бекіту процесі;

8) тарифті қайта қарау-арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді әзірлеу, қайта қарау процесінде уәкілетті орган жүзеге асыратын тариф мөлшерін арттыру немесе төмендету;

3. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге арналған тариф қалыптастыру процесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі – тарифтерді қалыптастыру, сондай-ақ оларды жетілдіру арнаулы әлеуметтік қызметтерге халықтың қолжетімділігін төмендетуге алып келмеуі қажет;

2) ашықтық – таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қоспағанда, тарифтерді қалыптастыру нәтижелерін міндетті түрде жариялау;

3) нәтижелілік – Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың стратегиялық мақсаттарына, бағыттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағдарланған медициналық көмектің (көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша тарифтерді қалыптастыру;

4) шынайылық – тарифтер өлшемдерінің бюджетпен бекітілген (нақтыланған, түзетілген) көрсеткіштерімен және қор активтерінің өлшемдерімен сай болуы;

5) реттілік – тарифтерді қалыптастыру процесіне қатысатын барлық тұлғалардың қабылданған шешімдерді сақтауы;

6) негізділік – бекітілген жоспарға сәйкес жаңа тарифтерді әзірлеу және (немесе) қолданыстағы тарифтерді қайта қарау қажеттілігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттар негізінде тарифтерді қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты пайдалану;

2 тарау. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру ережесі

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру үшін жергілікті атқарушы орган ақпаратты жинайды, өңдейді, сақтайды, талдайды және ұсынады.

5. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) тарифтерді есептеу үшін қаржы-экономикалық және статистикалық ақпаратты жинау;

2) жұмыс органымен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді іріктеу;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер ұсынған тарифтерді, қаржы-экономикалық қызмет жөніндегі деректерді және статистикалық ақпаратты есептеу және модельдеу;

4) тариф өлшемдерін қарау, келісу және бекіту.

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифті есептеу кезінде мынадай жалпы көрсеткіштер пайдаланылады:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленген базалық лауазымдық жалақысы (бұдан әрі – БҚБ);

2) "Медициналық-әлеуметтік мекемелерде, оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, күндізгі болу бөлімшелерінде, әлеуметтік бейімдеу орталықтарында қызмет көрсететін адамдар үшін заттай тамақтану нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 896 бұйрығымен бекітілген тамақтану нормалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12828 болып тіркелді);

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тәулігіне сағат саны;

4) Кодекстің 12 бабының 5) тармақшасының бесінші азат жолына сәйкес жұмсақ мүкәммалды сатып алу нормалары;

7. Тарифтерді қайта қарауға жартыжылдықта бір реттен артық емес жағдайларда жол беріледі келесіде:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтердің жаңа түрлерін көздейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе арнаулы әлеуметтік қызметтерге ақы төлеу әдістерін жетілдіру;

2) халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын жетілдіру.

8. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді іріктеу арнаулы әлеуметтік қызметтер түрлерін және көрсетілетін қызметті алушылар контингентін ескере отырып мынадай өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады:

1) субъектінің тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау жоспарланған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі;

2) аумақтық тиесілілігі үш түрлі облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) біреуі бойынша кемінде үш субъектіні іріктеу жолымен;

3) қызметтер көрсетуге байланысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің нақты шығындары.

9. Жергілікті атқарушы орган арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер тізімін қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді.

10. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерінің тізімін уәкілетті орган келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

11. Жергілікті атқарушы орган арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерінің тізімі жолданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерін еркін нысанда жазбаша түрде хабардар етеді

12. Субъектілер хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға негіздеуші құжаттарды (шарттарды, шот-фактураларды, қаржылық құжаттарды, ішкі құжаттарды) қоса бере отырып, қаржы-экономикалық, статистикалық ақпаратты ұсынады.

13. Тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін мыналар ұсынылады:

1) объектінің техникалық паспортының көшірмесі;
2) штат кестесінің көшірмесі;
3) осы қағиданың 1-қосымшасына сәйкес бір көрсетілетін қызметті алушыға тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат ;

4) төсек-орын туралы ақпарат;
5) осы қағиданың 2-қосымшасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қорлары туралы ақпарат;

6) осы қағиданың 3-қосымшасына сәйкес функционалдық міндеттеріне сәйкес бір қызмет алушыға қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт шығындарының саны туралы ақпарат;

7) осы қағиданың 4-қосымшасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілген көрсетілетін қызметті алушылардың саны туралы ай сайынғы ақпарат;

8) осы қағиданың 5-қосымшасына сәйкес нақты атқаратын ставкалар туралы ақпарат;

9) осы қағиданың 6-қосымшасына сәйкес коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар және ғимаратты күтіп ұстау жөніндегі шығыстар туралы ақпарат;

10) осы қағиданың 7-қосымшасына сәйкес негізгі құралдарды жаңартуға арналған шығындар туралы ақпарат.

14. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және материалдарды қарауға қабылдағаны туралы еркін нысанда жазбаша түрде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілеріне хабарлайды немесе пысықтауға қайтарады.

15. Арнаулы әлеуметтік қызметтер субъектілер хабарлама алған мерзімнен бастап 3 жұмыс күні ішінде кемшіліктерді жояды және негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып , қаржы-экономикалық, статистикалық ақпаратты қайтып ұсынады.

16. Тарифтерді есептеуді және модельдеуді жергілікті атқарушы органы орындайды және ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) алынған нәтижелерді есептеулер мен сараптамалар жүргізу;
- 2) тарифтерді есептеулер нәтижелерін модельдеу;
- 3) тарифтерді қалыптастыру;
- 4) тарифтерді модельдеу және есептеу нәтижелерін ұсыну.

17. Жергілікті атқарушы органы тарифтерді есептеу және модельдеу алдында алынған ақпаратқа олардың Кодекстің 12 бабының 5) тармақшасының бесінші азат жолына сәйкестігі мәніне талдау жасайды.

18. Тарифтер есептеуді Әдістемеге сәйкес осы Қағидалардың 12, 13-тармақтарында белгіленген талаптарды ескере отырып, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъекттерден ақпарат алған күннен бастап 6 ай ішінде жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Тарифтерді есептеу нәтижелерін модельдеу әзірленген және қолданыстағы тарифтердің:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер тұтыну көлемі;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетумен байланысты шығыстар кіреді.

19. Тарифтерді есептеу нәтижелерін модельдеуді жергілікті атқарушы органы мынадай ақпаратты ескере отырып, тарифтерді есептеу мерзімінде жүзеге асырады:

- 1) ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл;
- 2) жыл соңына дейін игеруді ескере отырып, ағымдағы қаржы жылын қамтуға тиіс.

20. Тарифтерді есептеу мен модельдеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органы тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау туралы есепті еркін нысанда (бұдан әрі – Есеп) қалыптастырады, ол мыналарды қамтиды;

- 1) есептері нәтижелері және алынған деректерді талдау;
- 2) есептелген тарифтерді модельдеу нәтижелері;

3) жаңа қызметті қолданған немесе тарифті ауыстырған жағдайда халықаралық тәжірибені көрсете отырып, тариф түрін таңдау бойынша ұсыныстар;

- 4) тарифтер жобасы.

21. Жергілікті атқарушы органы есепті уәкілетті органның сұрау салуы негізінде уәкілетті органға жібереді.

22. Уәкілетті орган есепті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде алынған материалдарға сараптама жүргізеді және нысанаға қорытынды қалыптастырады:

1) тарифтерді есептеу және модельдеу нәтижелерінің осы Қағидалардың және (немесе) Әдістеменің талаптарына сәйкестігі;

2) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының стратегиялық, бағдарламалық құжаттарына сәйкестігі;

- 3) тариф түрін таңдау, оның ішінде жаңа тариф түрлерін енгізудің орындылығы;

4) ұсынылған есептелген тарифтерді енгізуге және қолданыстағы тарифтерді қайта қарауға байланысты қаражатын қосымша бюджет шығыстары мен шығыстарын жүзеге асырудың орындылығы тұрғысынан қарайды.

23. Жергілікті атқарушы органы уәкілетті органның сұратуы бойынша тарифтерді есептеу мен модельдеуді жүзеге асыруға негіз болған бастапқы құжаттарды ұсынады.

24. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша теріс қорытынды қалыптастырған жағдайда, есеп қорытындыны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органына пысықтауға қайтарылады.

25. Уәкілетті орган пысықталған есепті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында қарастырылған тәртіпте қайталама қорытынды қалыптастырады.

26. Уәкілетті органның жаңа тарифтерді енгізу және (немесе) қолданыстағы тарифтерді қайта қарау туралы оң шешімі осы Қағидалардың 3 және 7-тармақтарында белгіленген тарифтерді қалыптастыру қағидаттарын сақтауды ескере отырып, мыналарды:

1) оларды енгізу мерзімдері;

2) басқа тарифтерді қайта қарау жөніндегі ұсынымдарды көрсете отырып қабылданады.

27. Қаржы жылы ішінде тарифтерді қайта қарау кезінде есепте ағымдағы қаржы жылының өткен есепті кезеңдеріндегі нақты орындалуы ескеріле отырып, деректер қолданылады.

28. Уәкілетті орган жаңа тарифтерді пысықтау және (немесе) қайта қаралған тарифтерді пысықтау туралы шешім қабылдаған жағдайда:

1) жергілікті атқарушы органы осындай шешім қабылданған күннен бастап, отыз жұмыс күні ішінде жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді пысықтауды жүзеге асырады;

2) уәкілетті орган осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарында көзделген тәртіппен қайта қорытындыны ұсынады.

28-1. Уәкілетті орган девальвацияны ескере отырып, республикалық бюджетті нақтылауға байланысты қолданыстағы тарифтерді қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда жергілікті атқарушы органы қолданыстағы тарифтерді қайта қарауды жүргізеді.

29. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге арналған тарифтерді Кодекстің 142-бабының 2 тармақшасының екінші бағанына сәйкес жергілікті атқарушы органның бекітуіне жатады.

30. Қабылдануы осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген уәкілетті орган актісінің көшірмесі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Еңбек ресурстарын дамыту орталығына, уәкілетті органына жіберіледі. Еңбек ресурстарын

дамыту орталығы тиісті ақпаратты алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде электрондық ақпараттық ресурстарға және халықты әлеуметтік қорғау ақпараттық жүйелеріне енгізеді.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
1-қосымша

Бір көрсетілетін қызметті алушыға тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат

(тенге/күн)

№	АӘҚ көрсететін қызметкерлердің еңбекақсын төлеу фонды	Тамақтануға кететін шығындар	Коммуналдық шығындар	Жұмсақ мүкәммәлді сатып алуға кететін шығындар
1				
2				
3				

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
2-қосымша

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қорлары туралы ақпарат;

№	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың атауы	Саны (дана, мл)	Дәрі-дәрмектің бір данасының бағасы	Барлық шығындар

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
3-қосымша

Функционалдық міндеттеріне сәйкес бір қызмет алушыға қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт шығындарының саны туралы ақпарат

№	Маманның атауы*	Функционалдық міндеттері **	Бір қызмет алушыға қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт шығындары
Әлеуметтік - тұрмыстық:			
Әлеуметтік - медициналық:			
Әлеуметтік - психологиялық			
Әлеуметтік - педагогикалық			
Әлеуметтік - мәдени			

	БАРЛЫҒЫ***		
--	------------	--	--

* - қызметкерлердің тізілімі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың қағидаларымен бекітілген минималды стандарттарына сәйкес қалыптастырылады

** - Ұйымның қызметкерлерінің функционалдық міндеттері құзырлы мемлекеттік органдармен бекітілген қызметкерлердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес болуы тиіс

*** - барлық көрсетілген мәліметтерге жиынтықты құрайды

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
4-қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілген көрсетілетін қызметті алушылардың саны туралы ай сайынғы ақпарат

Қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні және жылы _____

— Диагнозы _____

— _____
бастап _____ қоса алғандағы кезеңге әзірленген жеке жоспарына мониторингі

Қызмет алушыны қадағалау кезеңі: _____ бастап _____

— қоса алғанда

№	Қызметтер түрлері	Қызмет алушының жай-күйі туралы белгі, оның ішінде		Жеке жұмыс жоспарын түзету туралы шешім (қызмет көрсетудің қандай түрі қайта қаралуға тиіс екенін көрсету)	Мониторинг жүргізу күні	Мониторингі жүзеге асырған маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы
		оң өзгерістер бар (сипаттап беру) *	өзгерістер жоқ немесе нашарлады (себепін көрсету)			
1	2	3	4	5	6	7
1	әлеуметтік-тұрмыстық					
2	әлеуметтік-медициналық					

3	әлеуметтік-психологиялық					
4	әлеуметтік-педагогикалық					
5	әлеуметтік-еңбек					
6	әлеуметтік-мәдени					
7	әлеуметтік-экономикалық					
8	әлеуметтік-құқықтық					

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні)

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант ** _____

— (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні)

Ескертпе: * Қызмет алушының:

- соматикалық, психикалық, эмоционалдық жай-күйінде;

- қимыл, сенсорлық, танымдық, тіл дамыту, коммуникативтік салаларында;

- өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен бейімдеу мен әлеуметтендіруді қалыптастырудағы оң өзгерістері белгіленді;

** үйде қызмет көрсету ұйымдарымен толтырылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
5-қосымша

Нақты атқаратын бірліктер туралы ақпарат

№	Қызмет көрсететін қызметкерлердің атауы	Бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің саны	Жұмыс жасап жатқан қызметкерлердің нақты саны
1	әлеуметтік-тұрмыстық		
2	әлеуметтік-медициналық		
3	әлеуметтік-психологиялық		
4	әлеуметтік-педагогикалық		
5	әлеуметтік-еңбек		
6	әлеуметтік-мәдени		
7	әлеуметтік-экономикалық		
8	әлеуметтік-құқықтық		
	БАРЛЫҒЫ*		

*- барлық көрсетілген мәліметтер жинақтық ақпаратты қалыптастырады

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
6-қосымша

Коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар және ғимаратты күтіп ұстау жөніндегі шығыстар туралы ақпарат

№	Қызметтердың атауы	Көрсетілген қызметтердің көлемі	Бір қызметтің құны	Қызметалушылардың саны	Коммуналдық қызметтердің барлық шығыны (теңге)
1					
2					
3					

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
тарифтерін қалыптастырудың
ережесіне
7-қосымша

Негізгі құралдарды жаңартуға арналған шығындар туралы ақпарат

№	Негізгі құралдардың атауы	Тауардың бір данасының құны (теңге)	Тауардың саны	Барлық шығындар (теңге)
1				
2				

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 281 Бұйрығына
2-қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістеме (бұдан әрі -Әдістеме) Кодексінің 12 бабының 5-тармақшасының отыз бірінші абзацына сәйкес әзірленген және арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесін анықтайды.

2. Әдістеме жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарға (отбасыларға) стационар, жартылай стационар, уақытша болу және үйде болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар көрсететін қызметтерге қолданылмайды.

3. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер-адамның (отбасының) тыныс-тіршілігін объективті бұзатын және басқа азаматтармен қоғам өміріне қатысуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған негіздерді еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін қызметтер кешені;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.06.2024 № 193 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер-арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

3) коммуналдық қызметтердің шығындары – жылу, электрқуат, ыстық және суық су, кәріз су, байланыс қызметтер шығындары;

4) тариф-көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің ақшалай көрінісі.

2-тарау. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесі

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке кәсіпкерлік субъектілері көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтердің құны бір қызмет алушыға күніне есептеледі:

1) әрбір қызметкердің қызмет көрсетуге жұмсайтын уақытының хронометражы;

2) әрбір қызметкерге қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт пен штат нормативтерін есептеу;

3) көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша уақыт шығындарының үлесін есептеу;

4) қызметтердің әрбір түрі бойынша шығыстарды оларға жұмсалған уақыт үлесін негізге ала отырып есептеу;

5) қызмет көрсетуге бағытталған негізгі шығыстарды есептеу (қызмет алушыларға қызмет көрсетумен тікелей айналысатын қызметкерлердің жалақысы мен әлеуметтік аударымдары, тамақтану, жұмсақ мүкәммал, медициналық препараттар);

6) ғимаратты күтіп-ұстауға және күтіп-ұстауға байланысты үстеме шығыстарды есептеу (әкімшілік-шаруашылық персоналдың жалақысы және әлеуметтік аударымдары, коммуналдық қызметтер, ғимарат пен жабдықты күтіп-ұстауға/жөндеуге арналған шығыстар).

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілері көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтердің күніне бір қызмет алушыға құны мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$T_{\text{күн}} = T_{\text{нег}} + T_{\text{қос}}$,

қайда:

1) Тнег - бір қызмет алушыға қызметтерді көрсетуге тікелей жұмсалатын шығыстар мынадай көрсеткіштерден жинақталады:

$$1.1) T_{нег} = (E_{Анег} + T + M + ЖМ),$$

қайда:

E_A негізгі-қызмет алушыларға қызмет көрсетумен айналысатын негізгі қызметкерлердің әлеуметтік аударымдарымен еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың орташа есептік сомасы.

Қызметкердің қызмет көрсетуге жұмсайтын жұмыс уақытының нормасын анықтау үшін мынадай әдістер қолданылады: хронометраж, жұмыс күнінің фотосуреті, қызметкерлердің сауалнамасы. Сондай-ақ алдыңғы кезеңдегі уақыт шығындары туралы статистикалық есептердің деректері, жұмыс уақытының пайдаланылуын бақылау материалдары, сараптамалық бағалау нәтижелері, қызмет көрсетуге басшылар мен қызметкерлердің тәжірибесі пайдаланылады (әрбір қызметкер бойынша есептеледі):

$$1.2) E_{А нег} = \Phi \text{ күні} * Ж \text{ күні},$$

қайда

Φ күні-күніне барлық қызметкерлерге еңбекақы төлеу;

$Ж$ күні-күніне айдағы жұмыс күндерінің саны;

Φ күні келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Phi \text{ күні} = \Phi \text{ минут барлық қызметкерлер} * Ж \text{ күні}$$

Барлық қызметкерлердің Φ минутына мынадай формула бойынша функционалға сәйкес әрбір қызметкердің көрсетілген қызметтері үшін ақы төлеу негізге алына отырып есептеледі:

$$\Phi \text{ минут} = \Phi \text{ күн} * t\%,$$

қайда:

Φ күні - қызметкердің бір күндік жалақысы;

t -қызметкер жұмыс істеген күніне минуттардың жалпы уақыты;

t_1 -қызметкердің функционал бойынша бір қызмет алушыға қызмет түрін көрсетуге күніне жұмсайтын минуттарының уақыты қызмет түрін көрсету уақытының хронометражына қарай есептеледі;

$t\%$ - қызметкердің бір қызмет алушыға тәулігіне қызмет түрін көрсетуге жұмсайтын минуттардың үлесі қызметкердің тәулігіне жұмыс істеген минуттарының жалпы санынан t_1 / t есептеледі.

Қызметкердің күніне жалақысын есептеу үшін формула қолданылады:

Қызметкердің $\Phi = \Phi \text{ ай} / \Phi \text{ күн}$, бұл:

$\Phi \text{ ай}$ - АӘҚ көрсететін қызметкердің еңбекақы төлеу қоры формула бойынша есептеледі:

$$\Phi = \Phi_1 + \text{ӘС} + \text{ӘС} + \text{ӘМСҚ} + \text{Ә}, \text{ бұл:}$$

$\Phi_1 = (\text{БДО} * K_T * T_K) + (\text{БДО} * K_T * T_K) * K_C + ((\text{БДО} * K_T * T_K) * A_K) * \text{Ә}_K + N * \text{АЕК} + (\text{БДО} * E_{Қос}) + (\text{БДО} * Q_{Қос})$, мұндағы:

НЛЖ - жалақыны есептеу үшін қолданылатын негізгі лауазымдық жалақы;

Кт – НЛЖ-ға қолданылатын, жұмысшылардың ЛА (тарифтік ставкаларды) есептеу үшін коэффициент;

Тк- ЛА-ның белгіленген мөлшеріне түзету коэффициенті;

Ак-ауылдық жерлердегі жұмыс үшін коэффициент;

Эк - экологиялық апат аймағында жұмыс істегені үшін қосымша ақы. Егер осы қосымша ақы экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы заңда көзделмесе, онда Дэ 0-ге тең болады;

Н * АЕК - радиациялық тәуекел аумақтарындағы жұмыс үшін қосымша ақы. Егер бұл қосымша ақы ядролық полигонда зардап шеккендерді қорғау туралы заңда көзделмесе, онда N * АЕК 0-ге тең болады;

Еқос-еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы;

Қос-азаматтық қызметшілер үшін бірыңғай қосымша ақылар мен үстемеақылар.

Э комп-сауықтыруға арналған біржолғы материалдық көмек

Э комп = ЛА = (НЛЖ*Кт*Тк) + (НЛЖ*Кт*Тк) * Ак +((НЛЖ*Кт*Тк) * Ак) * Эк

ӨС-жұмыс берушінің әлеуметтік салық аударымдарының коэффициенті 1,06;

ӨҚ-жұмыс берушінің әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар коэффициенті 1,035;

ӨМСҚ-жұмыс берушінің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар коэффициенті -1,03.

Т-тамақтану нормативтеріне сүйене отырып, күніне бір қызмет алушының тамақтануына жұмсалатын шығын;

М-күніне бір алушыға іс жүзінде жұмсалатын дәрі-дәрмектердің орташа шығындарына сүйене отырып, күніне бір алушыға арналған дәрі-дәрмектердің шығыны;

Ж-жұмсақ мүкәммал нормативтеріне сүйене отырып, күніне бір алушы үшін жұмсақ мүкәммалды сатып алуға арналған шығыстар.

Қызметкердің қызмет көрсетуге жұмсайтын жұмыс уақытының нормасын анықтау үшін мынадай әдістер қолданылады: хронометраж, жұмыс күнінің фотосуреті, қызметкерлердің сауалнамасы. Сондай-ақ алдыңғы кезеңдегі уақыт шығындары туралы статистикалық есептердің деректері, жұмыс уақытының пайдаланылуын бақылау материалдары, сараптамалық бағалау нәтижелері, қызмет көрсетуге басшылар мен қызметкерлердің тәжірибесі пайдаланылады (әрбір қызметкер бойынша есептеледі);

2) Тқос- арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектінің күніне бір қызмет алушыға шығындары келесі көрсеткіштерден жинақталады:

2.1) $T_{қос} = EА_{әкім} + КШ + ҒШ + ТШ,$

қайда:

ЕАәкім - ғимарат пен жабдыққа қызмет көрсетумен айналысатын әкімшілік-шаруашылық қызметкерлердің әлеуметтік аударымдарымен еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың орташа есептік сомасы.

КШ - коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар нормативтерін негізге ала отырып, күніне бір қызмет алушыға коммуналдық қызметтердің шығысы;

ҒШ - күніне бір алушыға есептегенде ғимаратты күтіп-ұстауға және жөндеуге жұмсалатын орташа шығындарға сүйене отырып, ғимаратты күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстар;

ТШ - күніне бір алушыға есептегенде тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалатын орташа шығындарға сүйене отырып, ғимарат пен жабдықты ұстауға қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар.

Ғимарат пен жабдыққа қызмет көрсетумен айналысатын әкімшілік-шаруашылық қызметкерлердің әлеуметтік аударымдарымен еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың орташа есептік сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$2.2) \text{ЕА әкім} = \text{ЕТФ айына} / \text{Жкүні} / t,$$

мұндағы t-күніне жұмыс істеген минуттардың саны.

Жұмыс уақытының нормасын анықтау үшін әдістер қолданылады: уақытты сақтау, жұмыс күнінің фотосуреті, жұмысшылардың сауалнамасы. Сондай-ақ алдыңғы кезеңдегі уақыт шығындары туралы статистикалық есептердің деректері, жұмыс уақытының пайдаланылуын бақылау материалдары, сараптамалық бағалау нәтижелері, қызмет көрсетуге басшылар мен қызметкерлердің тәжірибесі (әрбір қызметкер бойынша есептеледі) пайдаланылады.

6. Айына бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтердің құны арнаулы әлеуметтік қызметтердің құнын күніне бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілетін айдағы жұмыс күндерінің санына көбейту жолымен есептеледі.

7. Осы әдістеменің 5-тармағында есептелген бір адамға арнаулы әлеуметтік қызметтердің құны облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша Мемлекеттік сатып алуды жүргізу үшін бюджеттік өтінім жасау кезінде қолданылады.